

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылы 28 ақпанда N 1782 тіркелген "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 23 қазандағы N 246-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2061. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.07.28 N 237-ө бұйрығымен.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың тетігін жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың Ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылы 28 ақпанда N 1782 тіркелген, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Вопросы труда и социального обеспечения" бюллетенінде жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін: көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың Ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Отбасының жиынтық табысын белгілегенде отбасының құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Отбасының жиынтық табысын есептеу үшін әр нақты жағдайда учаскелік комиссиялар атаулы әлеуметтік көмек берудің қажеттігі туралы қорытындыда отбасының құрамын көрсетеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке меншік қосалқы шаруашылықтың (үй іргесіндегі телім, мал және құс), саяжай және жер телімінің (жер үлесінің) табысы өтініш беруші мәліметтерінің негізінде есептеледі.

Аймақтар ерекшеліктерін ескере отырып табыс алынбайтын болып үй малдары және үй жанындағы телім, саяжай және жер телімінің (жер үлесінің) көлемі белгілене алады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеке меншік қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты уәкілетті орган орталық уәкілетті орган бекіткен үлгілік қосымшаларды ескере отырып есептейді . Нормативтік кәртiшкелерде келтірілген егіннің орташа шығымдылығын (өнімділігін), өндіріс шығыстарының орташа деңгейін, сондай-ақ жеке меншік қосалқы шаруашылықтың табысын есептеу үшін статистика органдары беретін бағалар аймақтардың ерекшеліктерін ескере отырып түзетіле алады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Үй іргесіндегі телімінен, саяжай телімінен түсетін табыс, сондай-ақ мал мен құс ұстаудан түсетін табыс өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсан үшін е с е п т е л е д і .

Жер телімінен (жер үлесінен) түсетін табыс жылдық табысты төрт тоқсанға бөлу жолымен белгіленеді.";

7-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақтың 2-абзацы алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасының

Статистика жөніндегі агенттігі

төрағасының орынбасары